



ҚАЗАҚ ДАЛАСЫ –
ЕЖЕЛГІ МЕТАЛЛУРГИЯНЫҢ
ОТАНЫ

4



БҮТІН
ДҮНИЕНІ
НЕГЕ БҮЛДІРЕМІЗ?

5



JAMBYLTARAZ

№31 (2047) 22 сәуір 2026 жыл, сәрсенбі

Қоғамдық-саяси газеті

1996 жылдың 16 ақпанынан бастап шығады

▶ АППАРАТ КЕҢЕСІ

АУДАНАРДЫҢ АЖАРЫН АШУ – АЙРЫҚША НАЗАРДА



Тараз қаласының әкімі Бақытжан Орынбековтің төрағалығымен кезекті аппарат кеңесі өтті. Жиында биылғы қаңтар-наурыз айларының қорытындысы бойынша шаһардың әлеуметтік-экономикалық дамуы баяндалды.

Құрмаш

ҚАПТАҒАЙ


Қалалық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің басшысы Жандос Ордабаевтың айтуынша, есепті мерзімде межеленген 4 көрсеткіш орындалған. Нәтижесінде негізгі капиталға салынған инвестициялар, пайдалануға берілген тұрғын үй, құрылыс жұмыстарының, ауыл шаруашылығы және бөлшек сауда тауар айналымының жалпы көлемі артқан.

Келесі кезекте күн тәртібінде Әулиеата және Жібек жолы аудандарында атқарылып жатқан жұмыстар мен өзекті мәселелер жан-жақты қаралды.

– Аудандағы көшелерді зерделеу нәтижесінде биыл асфальт төсеу жұмыстарын кезек-кезеңімен іске асыруға арнайы жоспар бекітілді.

Соған сәйкес, жалпы саны 48 көшені орташа жөндеуден өткізіп, «Бектөбе» мен «Қызылшарық» алқаптарындағы Асылтас көшесі, «Ұлы дала» шағынауданындағы аулаишілік және Ш.Жандарбеков көшесіне жаяу жүргіншілер жолын салу жоспарлануда. Бұған қоса, Көшеней, Сеңкібай, Сыпатай батыр, Көшеней көшесінің 6-ұрылысы, А.Сухамбаев көшелері және №23 мектеп маңына жаяу жүргіншілер жолдарын төсеу қажеттілігі туындап отыр. Сондай-ақ аудан аумағында 2 700 дана жол белгісін сызу, 33 автобус аялдмасын орнату, 12 көшеде ауызсу құбырларын ауыстыру көзделген, – дейді Әулиеата ауданының әкімі Барлық Төреханов.

▶ АШЫҚ ХАТ



МОЙЫНҚҰМ МЕН ЖАЗЫЛБЕК – ЕПІЗ...

Ауданның 60 жылдығы тойланбаса – үлкен сын

▶ ДИДАР-ҒАЙЫП



Сәуірдің 19-ы күні мезгілсіз соққан дауылдай жеткен қаралы хабар арысы түгел түркі жұртын, берісі қаймана қазақтың қабырғасын қайыстырды. Сол күні келмеске кеткен кеңестік кезеңде де, өзі іргесін қалаған тәуелсіздік жылдарында да тек шындық биігінен көрінген қоғам қайраткері, Қазақстанның халық жазушысы, Еңбек Ері, көрнекті ақын әрі драматург Мұхтар Шаханов 84 жасқа қараған шағында дүниеден озды.

ҚОШ, ҚАЗАҚТЫҢ ҚАРА НАРЫ!

Бұл – тек бір адамның қазасы емес, тұтас ұлттың жүрегінде бір шырақтың сөнугі. Өйткені Мұхтар Шаханов жай ғана ақын емес еді, ол ардың, намыстың, әділеттің үні болатын. Ол жыр жазғанда жүрек сөйлейтін. Ол сөз айтқанда халықтың мұңы айтты. Ақиқаттың алдаспанына айналды.

Шахановтың поэзиясы – ұлттың айнасы еді. Оның әрбір өлеңі, жүрген жолы адамзаттық құндылықтарды ту етіп, рухани тазалыққа шақырып тұрды. Оның қаламынан туған «Өркениеттің адасуы», «Компьютербасты жарты адамдар», «Жазагер жады космоформуласы», «Сенім патшалығы», «Ғасырлар толқыны» сынды еңбектер тек әдеби шығарма емес, философиялық терең ойға құрылған рухани мұра болып саналады. Бұл туындыларда ақын адамзаттың болашағына алаңдап, ұлттық құндылықтардың әлсіреуіне қарсы үн қатты.

Ақын шығармалары қазақ тілінің шеңберінде қалып қойған жоқ. Оның кітаптары әлемнің көптеген тіліне аударылып, халықаралық деңгейде оқырманын тапты.

2

ЖАЗЫЛЫМ –
2026



KAZPOST

Қала 4 453.50 тг
Ауыл 6 804.06 тг

РЕДАКЦИЯ АРҚЫЛЫ
ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

6 АЙ – 3000 тг
«Қыран Пресс» 3 900
«Тараз Пресс» 4 000

Жазылым индексі: 65605

ЖАЗЫЛЫМ БӨЛІМІ:

45-62-65 8 747 545 4566

▶ ЖАЛҒАСЫ. БАСЫ 1-БЕТТЕ

АУДАНАРДЫҢ АЖАРЫН АШУ – АЙРЫҚША НАЗАРДА



Жібек жолы ауданында да қолға алынған ілімді істер аз емес. Аудан басшысы Қарлығаш Аралбекованың айтуынша, был 14 спорт алаңшасын жаңғырту, жаңа 39 аялдама орнату, ұзындығы

22,898 шақырым болатын 35 көшені жарықтандыру жұмыстары жүзеге асырылмақ. Бұл бағытта, ең алдымен, шалғай алқаптарға ба-

сымдық беріледі. Сонымен қатар ауызсумен қамту, жолдарды жөндеу бойынша да нақты жоспарлар бекітілген.

Бақытжан Әмірбекұлы өз кезегінде межелеген міндеттерді жүйелі орындауда аудан әкімдеріне зор жауапкершілік жүктеліп отырғанын атап өтті.

Кеңес соңында аудан басшыларына көшелердің тазалығын ұдайы қамтамасыз ету әрі бұған кәсіпкерлік нысандардың иелерін жұмылдыру, жоспарланған жұмыстарды сапалы және белгіленген мерзімде жүзеге асыру бойынша нақты тапсырмалар жүктелді.

▶ ЖАЛҒАСЫ. БАСЫ 1-БЕТТЕ

МОЙЫНҚҰМ МЕН ЖАЗЫЛБЕК – ЕГІЗ...

Ауданның 60 жылдығы тойланбаса – үлкен сын

Жақында Мойынқұм ауданының әкімі Ермек Карентаев мырза Мойынқұм ауданының 60 жылдық тойы жайлы кеңес өткізіп, тапсырма беріпті. Иә, кезінде тұтас Одаққа аты жайылған Мойынқұм ауданының 60 жылдық мерейтойын өткізбесе, аудан басшылары мен елдігіне сын болары анық. Ол үшін рақмет десек те, бар тынысы Мойынқұммен егіз, Мойынқұм ауданының орталығын екі мәрте Еңбек Ері Жазылбек Қуанышбаевқа беру туралы көптен сөз болғанымен, аяқсыз қалып келді.

Былайғы қазақ Мойынқұм мен Жазылбек Қуанышбаевті егіз ұғым деп санайды. Рас, Мойынқұм ауданының Шу ауданынан бөлініп, айлықты көбейтіп, елді тұрақтандыру үшін білікті басшыларымыз Айтбай Назарбековтің Жаз-Атаны тауып, бірін-бірі көтеріп, ауданды малға толтырып, елді мекеннен Алматы қаласына дейін ұшақ ұшырып, дәрілік шөп жасайтын мекемелер ашып, ауыл-ауылдан мамандарға үй-жай салдырып, балаларды оқытып, қызмет беріп, Шошақтық шөлін елге белгілі аудан жасады. Сол кездегі мамандардың ұрпағы бүгінде Мойынқұмды мақтанышпен айтып, әлі еңбек етуде. Ал ендеше Мойынқұмның орталығын Жазылбек ауылы деп атауға не кедергі?

Пайымдап қарасақ, көшенің «көсемдерінің» ынтымағы әлсіз. Жоғарыда айтылған екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Жазылбек Қуанышбаевтың жеткен жетістіктерін кейінгі ұрпаққа дәріптеу жеткіліксіз. Ессіне қазір Мойынқұм ауданы барлық жағынан төмендеп, тарауға шак тұр. Сондықтан Мойынқұм ауданының байырғы даңқын қайтару үшін



өлкеде мал шаруашылығын мықтап дамыту қажет. Сонда ғана біз елді мекеннің еңсесін тіктеп, болашағына үмітпен қарай аламыз.

Қазір Мойынқұмда бірін-бірі көшіріп, тарихи кітап жазғандар көбейді. Бұл дұрыс үрдіс емес. Оның орнына қолына қалам ұстаған қауым ұлтқа үлгі, ұрпаққа мұра болып қалар рухани патриоттық дүние жазғаны жөн. Сонда өз тарихын білген жастар аталы іске қарсы болмайды.

Ал Жазылбек сияқты тарихи тұлғалардың еңбегі ешқашан өшпек емес. Заман жаңарған сайын ол жасара түседі.

Сөзімді Д.Қонаев пен А.Назарбековтің қабылдау бөлмесіндегі есігінде ілініп тұрған мына сөзбен аяқтағым келеді.

Жұмыс істегісі келген көзін табады,

Жұмыс істегісі келмеген жалтарма сөзін табады!

Жапар САТЫЛҒАНОВ,
республикалық «Жігер»
фестивалінің лауреаты,
журналистердің
«Алтын белгісінің» иегері,
Мойынқұм ауданының
Құрметті азаматы

▶ ТӘРБИЕ

МЕКТЕП ПЕН АТА-АНА ҰНТЫМАҚТАСТЫҒЫ АСА МАҢЫЗДЫ

Жас ұрпақты тәрбиелеу – тек білім беру мекемелерінің ғана емес, ата-ананың да негізгі міндеті. Осы орайда мектеп пен отбасы арасындағы тығыз байланыс баланың тұлғалық қалыптасуында шешуші рөл атқарады.

Жуырда мектебімізде ата-аналарға арналған «Ашық есік» күні ұйымдастырылды. Шара қос тарап арасындағы ынтымақтастықты нығайтып, бала тәрбиесіндегі ортақ жауапкершілікті арттыруға бағытталды. Кездесу барысында құқық бұзушылықтың алдын алу, түнгі уақытта жүрмеу мәселелері кенінен түсіндірілді. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытындағы жұмыстар да назардан тыс қалмады.

«Ашық есік» күнінде оқушылар мен мұғалімдердің жетістіктері таныстырылып, емтиханға дайындықтың тиімді тәсілдері жөнінде пайдалы кеңестер

берілді. Жасөспірімдердің өтпелі кезеңдегі психологиялық ерекшеліктері сөз болып, ата-аналарға балаға қолдау көрсету, сенімді қарым-қатынас орнату жолдары ұсынылды.

Мамандық таңдауда ата-ананың ықпалы ерекше екені айтылып, балаға дұрыс бағыт-бағдар беру қажеттігі түсіндірілді. Бұл – болашақта саналы әрі бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеудің маңызды алғышарттарының бірі.

Кездесу барысында ата-аналар пән мұғалімдерімен жеке тілдесіп, балаларының оқу үлгерімі, жетістіктері мен кездесетін қиындықтары туралы толық

мәлімет алды. Өзара пікір алмасу алаңы ретінде өткен бұл шара ата-аналар тарапынан жоғары бағаланды.

Осындай мазмұнды кездесулер алдағы уақытта да өз жалғасын табады. Себебі мектеп пен ата-ана арасындағы өзара түсіністік пен тығыз байланыс – бала болашағының берік негізі.

Нұрбол ӘБДІҚАЛЫҚ,
№63 орта мектеп
директорының
құқықтық тәрбие
ісі жөніндегі орынбасары.
Тараз қаласы

▶ ЖАЛҒАСЫ. БАСЫ 1-БЕТТЕ

ҚОШ, ҚАЗАҚТЫҢ ҚАРА НАРЫ

Түрік, орыс, қырғыз, өзбек, ағылшын, неміс, испан, қытай және басқа да тілдерге тәржімаланған еңбектері арқылы Мұхтар Шахановтың ойы мен рухы әлем жұртшылығына жол тартты. Түркі дүниесінде оның шығармалары ерекше құрметке ие болып, бірнеше рет жеке жинақтар болып жарық көрді.

Ол Қырғыз Республикасының Халық ақыны атағын, БҰҰ Қоршаған орта бағдарламасы сыйлығының, 2002 жылы «Жазагер жады космоформуласы» шығармасы үшін Калифорния Ғылым, индустрия, білім және өнер академиясының А.Эйнштейн атындағы алтын медалін, Түркияның Гебзе қаласында «Түркі тілдес халықтар арасындағы ең үздік әлем ақыны» сыйлығын иеленген. «Тың және тыңайған жерлерді игергені үшін», «Еңбектегі ерлігі үшін» медальдарымен марапатталған.

Қайсар ақынның өмір жолы да күреспен өтті. Ол шындық үшін шырпылдады, әділет үшін айқасты. Желтоқсан оқиғасы кезінде ұлт намысын қорғап, қаймықпай ұн қатқан санаулы тұлғаның бірі болды. Осындай арыстан жүректі азамат нәзік иірімді әндердің де авторы еді. Мысалы, «Арыс жағасында», «Сен ғана», «Ғашықтар сыры», «Бақыт құшағында» сынды әндері арқылы ол адам жанының ең терең сезімдерін әуенмен өрнектеп, тыңдарман жүрегіне жол тапты. Заманының заңғарына айналған ақын бүгін өзі өсиет еткен қасиетті мекен – Арыстанбаб кесенесінің іргесіне жерленеді. Осы қаралы сәтте облыстық «Jambyl-Taraz» газетінің ұжымы атынан орны толмас қайғыға ортақтасып, марқұмның отбасы мен жақындарына, барша қазақ жұртына көңіл айтамыз. Жатқан жері жайлы, жаны жәннатта болсын!

▶ ВООРУЖЕННЫЕ СИЛЫ

АРМИЯ БЕЗ ГРАНИЦ

День открытых дверей в воинских частях

В минувшие выходные в Вооруженных силах страны состоялся масштабный День открытых дверей. Свои двери для родителей военнослужащих, студентов и школьников одновременно распахнули воинские части всех гарнизонов. насыщенной программа визита стала и в подразделениях Регионального командования «Юг».



В Таразе гостеприимно распахнули двери воинских частей Таразского гарнизона. Пятая механизированная бригада, полк связи, ремонтно-восстановительная база и другие части – около всех контрольно-пропускных пунктов в этот день собрались приглашенные.

Родители солдат прихватили с собой гостинцы для своих сыновей-солдат, а учащиеся школ пришли в военной форме и со своими преподавателями по начальной военной подготовке. Гостям полка уже заранее сказали, что для них подготовлена не просто экскурсия, но и настоящие состязания по военно-прикладным видам спорта.

Школьники и их наставники с азартом включились в конкурсы: сборка и разборка автомата Калашникова, упражнения на турнике. Особый эмоциональный всплеск вызвало перетягивание каната – здесь не было равнодушных ни среди детей, ни среди солдат. К командам подключились солдаты срочной службы: своим участием они усилили команды школьников и стали примером качественного выполнения заданий конкурсов.

– Уже давно пора сломать стереотип, что армия – закрытое место, и никто не знает, чем мы занимаемся, – отмечает командир пятой механизированной бригады подполковник Арман Сабыров.

– Конечно, невозможно в деталях раскрыть весь армейский уклад. Но на примере одного дня открытых дверей мы стараемся показать наши каждодневные будни, чтобы школьники имели представление, как служат солдаты, а родители своими глазами видели, в каких условиях живут их сыновья.

В полку связи, пока молодежь сореволювалась, родители солдат срочной службы обошли территорию части. Командиры и сержанты батальонов провели гостей по казармам и помещениям, пригласили осмотреть

столовую, чтобы наглядно продемонстрировать солдатским мамам рацион питания военнослужащих.

– Это акция – демонстрация открытости армии, наше стремление быть ближе к нашим согражданам, – подчеркнул командир полка связи подполковник Тахир Нартов.

– Важно, чтобы родители солдат не просто имели представление о службе, но и знали командиров в лицо. Открытые двери – это открытость во всем!

Выразили удовлетворение от визита в воинскую часть и родители солдат. Конечно, их главной целью было увидеть и обнять своих сыновей, убедиться, что у них хорошее настроение, они сыты и здоровы. Но совершить обход воинской части в сопровождении сыновей стало еще более лучшим мероприятием.

– Командиры показали, где спят солдаты, что едят, подробно рассказали о том, как складывается их день, – поделилась впечатлениями Назгуль, мама солдата Нурислама Кемельбек. – Вообще-то из рассказов сына я имела представление о службе. Но теперь увидела своими глазами и убедилась, что все, что он мне рассказывает – это так и есть.

Проведение Дня открытых дверей состоялось во всех воинских частях Регионального командования «Юг» без исключения. Так руководство Вооруженных Сил показывает: армия не закрыта для общества, а напротив – открыта и готова к диалогу, командиры готовы показывать воинские части и быть на связи.

Дина МУХАРИНОВА.
Фото Владимира
МАРТЫНЕНКО.
Пресс-служба
Таразского гарнизона
Центра медиаконтента МО РК

► 23 СӘУІР – КІТАПХАНАШЫЛАР КҮНІ

Кітапханашы болу үлкен жүрек пен жанкештілікті талап етеді

Елімізде Кітапханашылар күні мен Ұлттық кітап күні 23 сәуірде бірге атап өтіледі. Бұл күн Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен бекітілген Ұлттық кітап күнімен сәйкес келеді. Мерекелердің осылайша бір күнге тоғысуы оның мән-маңызын арттырып, кітапханалардың мәдени мұраны сақтаудағы орны ерекше екенін айқындады. Осы орайда Ш.Уәлиханов атындағы Жамбыл облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының директоры Эльмира Абдиновамен жүздесіп, ақылына ақы сұрамайтын құнды қазынамыз төңірегінде сұхбаттасқан едік.



– Эльмира Елеусізқызы, Ұлттық кітап күні мен Кітапханашылар күнінің маңызы қандай? Бұл екі мереке бір-бірімен қалай байланысты деп ойлайсыз?

– Ұлттық кітап күні мен Кітапханашылар күні – бір-бірін толықтырып тұрған, мағынасы терең қос мереке. Ұлттық кітап күні – халықтың рухани байлығын айшықтайтын, кітаптың қоғамдағы орнын айқындайтын ерекше күн. Бұл күні біз кітапты тек білім көзі ретінде ғана емес, ұлттың жадын сақтаушы, тарих пен тағдырды жалғаушы алтын көпір ретінде танымыз.

Ал Кітапханашылар күні – сол қазынаны көзінің қарашығындай сақтап, әр оқырманға жол таба білетін, кітап пен адам арасындағы байланысты нығайтатын мамандардың еңбегіне көрсетілген құрмет. Кітапханашы – тек қызметкер емес, ол – рухани бағыт беруші, оқырманның ізденісіне серік болатын жанашыр тұлға.

Бұл екі мерекенің байланысы өте тығыз. Кітап – мазмұн болса, кітапханашы – сол мазмұнды халыққа жеткізуші. Бірінсіз бірі толық болмайды. Ұлттық кітап күні арқылы біз кітаптың қадірін арттырсак, Кітапханашылар күні арқылы сол кітапты өміршең етіп отырған жандардың еңбегін бағалаймыз. Сондықтан бұл мерекелерді бірге қарастыру – руханиятқа деген құрметтің белгісі. Екеуі де қоғамды білімге, мәдениетке, ізгілікке бастайтын ортақ мақсатқа қызмет етеді.

– Бұл салаға қалай келдіңіз? Жалпы, қызығы мен қиындығы қатар жүретін кітапханашы мамандығындағы еңбек жолыңыз қалай басталды?

– Еңбек жолым 1994 жылы Абай атындағы орталықтандырылған көпшілік кітапханалар жүйесіне қарасты Б.Майлин атындағы кітапханада кітапханашы болудан басталды. Сол кезден бастап кітап әлеміне деген сүйіспеншілігім артып, оқырманмен тығыз байланыста жұмыс істеу, рухани қазынаны насихаттау өмірлік жолыма айналды.

2012 жылы Шоқан Уәлиханов атындағы Жамбыл облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы басшылығына келіп, кітапхана ісін дамыту, заманауи талаптарға сай жаңғырту бағытында еңбек етіп келемін. Бұл жылдар ішінде кітапхана тек кітап сақталатын орын ғана емес, руханият пен білімнің, мәдениет пен ізденістің ордасына айналуына күш салынды.

Оқырман сұранысын қанағаттандыру, кітап қорын байыту, цифрлық жүйелерді енгізу және мәдени-танымдық іс-шараларды ұйымдастыру – күнделікті жұмыстың маңызды бөлігіне айналды. Әрбір оқырманмен кездесу, әрбір жаңа жоба – кітапқа деген сүйіспеншілікті арттырып, осы саланың жауапкершілігін терең сезіндіреді.

Кітапханашы болу – тек мамандық емес, ол үлкен жүрек пен жанкешті еңбекті талап ететін рухани миссия.

– Сіз жетекшілік ететін кітапханадағы кітап қорының бүгінгі жай-күйі қандай? Кітапханашылардың біліктілігін арттыру бағытында қандай жүйелі жұмыстар жүргізілуде? Маман тапшылығы бар ма?

– Ш.Уәлиханов атындағы Жамбыл облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы – терең тарихы бар, өңірдің рухани-мәдени дамуына өлшеусіз үлес қосып келе жатқан ақылдың кеніші. Кітапхананың төл тарихы 1898 жылы Әулиеата қаласында қоғамдық кітапхана ретінде ашылуынан бастау алады. Сол кезеңде кітап қоры небәрі 460 дана кітаптан, 4 газет пен 10 журналдан тұрған. Бұл – өңір тұрғындарының рухани сұранысын өтеуіне бағытталған алғашқы игі қадамдардың бірі еді. 1920 жылдары кітапхана жұмысы жүйеленіп, кітапхана менеджерімен қатар кітап түптеуші-кітапханашы қызметі де енгізілді. Бұл кезең кітапхана ісінің кәсіби тұрғыда қалыптаса бастағанын көрсетеді. 1930 жылдары кітап қоры 12 мың данаға дейін ұлғайып, балалар әдебиетіне ерекше көңіл бөліне бастады. Осы жылдары оқырманға қызмет көрсетуді жетілдіру және кітап қорын тиімді пайдалану мақсатында алғашқы жүйелі каталог жасалып, кітапхана ісін ұйымдастырудың жаңа мәдениеті қалыптасты.

Бүгінгі таңда кітапхана – заман талабына сай жаңғырып, кеңейген ірі ғылыми-мәдени орталық. Қазіргі кітап қоры 274 261 данаға жетсе, оның 96 025 данасы – мемлекеттік тілде. Соңғы толықтырулар нәтижесінде қор 2 304 дана жаңа кітаппен байытылса, соның 2 204 данасы – қазақ тіліндегі басылымдар. Мемлекеттік тапсырыс аясында 1 786 дана кітап түсіп, оның 1 702 данасы мемлекеттік тілде екені – ұлттық әдебиетті қолдауға ерекше мән беріліп отырғанын айтамын.

Оқырман аудиториясы да жыл санап артып келеді. Бүгінде кітапханаға 6 251 оқырман тіркеліп, жыл ішінде келушілер саны 54 900 адамға жеткен. Ал жалпы кітап берілімі 117 568 дана болса, соның 95 865 данасы – мемлекеттік тілдегі басылымдар. Бұл көрсеткіштер кітапханаға деген сұраныстың жоғары екенін және ұлттық тілдегі әдебиетке қызығушылықтың артып келе жатқанын айқын аңғартады. Осылайша, ғасырдан астам тарихы бар бұл рухани орда бүгінде тек кітап сақтайтын мекеме ғана емес, ғылым мен білімнің, мәдениет пен руханияттың тоғысқан ордасына айналып отыр.

Иә, кітапханашы мамандығы бойынша белгілі бір деңгейде кадр тапшылығы бар деп айтуға болады. Бұл мәселе, әсіресе, өңірлерде айқындық байқалады. Бүгінде кітапхана саласы заман талабына сай жаңарып, кітап сақтайтын орыннан ақпараттық-рухани орталыққа айналып отыр. Соған қарамастан, бұл мамандыққа келетін жастар саны жеткіліксіз. Оның негізгі себептері

ретінде еңбекақы деңгейі, жастардың басқа салаларға көбірек бет бұруы және кітапханашы еңбегінің сырт көзге жеңіл көрінуі сияқты факторларды атауға болады. Дегенмен, кітапханашы – өте жауапты әрі маңызды мамандық. Қазіргі кітапханашы тек кітап беруші емес, ол – оқырманға бағыт-бағдар беретін, ақпараттық мәдениетті қалыптастыратын, қоғамның рухани дамуына ықпал ететін маман. Сондықтан бұл саланың беделін арттыру және жас мамандарды тарту бағытында жұмыстар жүйелі түрде жүргізіліп келеді.

– Кітапхана директорынан бөлек, қалалық мәслихаттың депутатысыз. Халық қалаулысы болу қандай міндетті жүктейді?

– Мен Тараз қалалық мәслихатының №3 округ депутаты ретінде тұрғындардың әлеуметтік мәселелерін шешуді өзімнің негізгі міндетім деп білемін. Әлеуметтік сала – халықтың күнделікті өмір сапасына тікелей әсер ететін ең маңызды бағыттардың бірі.

Тұрғындар тарапынан көтерілетін өтініштер мен ұсыныстарды назардан тыс қалдырмай, әр мәселені жан-жақты зерделеп, тиісті мекемелермен бірлесіп отырып шешуге күш саламыз. Бұл –



тек есеп беру емес, ең алдымен халық сенімін ақтау деген сөз.

Әсіресе, әлеуметтік қолдау, инфрақұрылым, білім мен денсаулық сақтау салалары бойынша туындайтын түйткілдерді шешуге басымдық беріледі. Әрбір азаматтың үні естіліп, мәселесі назарға алынуға тиіс деп есептеймін.

Депутаттық жұмыс – халықпен тығыз байланыста болуды талап ететін жауапты міндет. Сондықтан тұрғындармен тұрақты кездесуді өткізіп, олардың ұсыныс-пікірлерін ескере отырып, ортақ игілікке бағытталған жұмыстарды жүйелі түрде жалғастырып келеміз.

– Түзде елге қызметтесіз, үйде отанасыз. Өзіңізді қандай ана ретінде сипаттар едіңіз?

– Қызмет пен отбасы – бір-бірінен бөлек әлем болғанымен, екеуін үйлестіре білу үлкен жауапкершілік пен жүрек жылуын талап етеді. Мен өзімді, ең алдымен, мейірімді, түсінігі мол, бірақ талапшыл ана ретінде сипаттар едім. Балаларыма тек өмірдің жеңіл тұстарын ғана емес, еңбектің, төзім мен жауапкершіліктің де қадірін түсіндіруге тырысамын. Қызметте қаншалықты шешім қабылдап, елдің мәселесіне аралассам, үйде де балаларыма бағыт беретін, бірақ олардың ой-пікірін тыңдай білетін ана болуға ұмтыламын. Өйткені отбасы – адамның ең басты тірегі, ал бала – өмірдің ең үлкен аманаты. Қызым мекемеде бас маман болса, ұлым Халықаралық Тараз инновациялық институтының 2-курс студенті. Уақыт тығыздығына қарамастан, олардың жанында болып, әр жетістігіне қуанып, әр қиындығында қолдау көрсету – мен

үшін ең маңызды міндеттердің бірі. Себебі ана болу – тек қамқорлық емес, ол – жүрекпен сезіну, түсіну және бағыт беру.

– Кітапханашы болу – білім мен руханиятқа деген үлкен сүйіспеншілікті талап ететін мамандық. Осы орайда, сіз қандай шығармаларды ерекше ықыласпен оқисыз және жүрегіңізге жақын туындылар қайсы?

– Менің рухани әлемімнің негізгі арқауы – көркем әдебиет. Сол бай қазынаның ішінде Дулат Исабековтің шығармаларының орны ерекше. Оның әр туындысында адам жанының терең иірімдері, қоғам шындығы мен өмірдің сан қатпарлы болмысы шебер суреттеледі. Сондықтан жазушының барлық шығармаларын сүйіп оқып, одан рухани нәр алуға әдетке айналдырдым.

Жалпы, көркем әдебиет – мен үшін тек оқылатын дүние емес, ол – ойланудың, түйсінудің, өмірді танудың биік мектебі. Әсіресе, қазақ әдебиетінде әйел тағдырын арқау еткен шығармалар жүрегіме жақын. Қазақ қаламгерлерінің осы бағыттағы туындыларынан нәзік жандылардың өмірі, олардың ішкі әлемі, қоғамдағы орны мен күресі терең

– Айтып отырған пікірлердің жаны бар. Дегенмен, бұл құбылысты бір-жақты бағалауға болмайды. Бүгінгі буын – ақпаратты жылдам қабылдайтын, цифрлық кеңістікте еркін ойлайтын ұрпақ. Олар үшін кітап оқу формасы өзгергенмен, мазмұнға деген қызығушылық мүлде жоғалды деуге негіз жоқ. Шын мәнінде, кітап пен әлеуметтік желі – бір-біріне қарсы ұғым емес. Тек олардың берер дүниесі мен қабылдану тәсілі әртүрлі. Егер кітаптың құндылығын заманауи тілмен, қызықты форматпен жеткізе алсақ, жастардың әдебиетке деген қызығушылығын арттыруға толық мүмкіндік бар.

Келешек буынды кітапқа жақындату үшін, ең алдымен, оны зорлықпен емес, ықыласпен ұсыну маңызды. Жастарға өз заманының тынысын сезіндіретін, өмірмен үндесе, ойлантатын шығармалар қажет. Сонымен қатар кітапханалар мен білім ордалары тек кітап сақтайтын орын емес, рухани-танымдық, шығармашылық алаңға айналуға тиіс.

Әдеби кештер, пікірталас клубтары, заманауи жобалар мен цифрлық платформалар арқылы кітапты жаңа қырынан таныстыру – өте тиімді жол. Ең бастысы, кітаптың құндылығын сөзбен ғана емес, нақты іс-әрекетпен көрсете білу керек. Біздің мекемеде күнделікті өтетін іс-шаралардың да мақсаты – оқырманды кітап оқуға баулу. Кез келген оқырман, қала тұрғыны кітапханаға келіп, өзіне керекті барлық кітапты оқып қана қоймай, біздің бай мұрамызбен таныса алады.

– Кітапханашылар күніне әріптестеріңізге қандай тілек білдіресіз?

– Ұлттық кітап күні – руханияттың шамшырағын жаққан, кітаптың қадірін ұлықтайтын ерекше мереке. Ал осы кастерлі құндылықтың өміршең болуына күн сайын еңбек етіп жүрген жандар – кітапханашылар қауымы. Осы орайда, әріптестерімді Кітапханашылар күнімен шын жүректен құттықтаймын. Сіздердің еңбектеріңіз – көзге көрінбейтін, бірақ қоғамның рухани тамырына нәр беретін ұлы еңбек. Әр кітап сөресінде тұрған құнды дүниенің артында сіздердің маңдай терлеріңіз, ізденістеріңіз және үлкен жауапкершіліктеріңіз жатыр. Ұлттық кітап күні мен Кітапханашылар күнінің тоғысуы кітап пен оны насихаттаушы маманның бір-бірінен ажырама екенін айқын көрсетеді. Егер кітап – ұлттың жады болса, кітапханашы – сол жадыны сақтап, келер ұрпаққа аман жеткізетін рухани көпір. Барша әріптестеріме зор денсаулық,

әрі шынайы бейнеленеді.

Қазіргі таңда ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының түпнұсқасын оқып жүрмін. Бұл шығарма – қазақ халқының тұтас болмысын, тарихи кезеңдерін, рухани құндылықтарын кең тыныспен суреттейтін теңдессіз туынды. Әр беті оқырманды терең ойға жетелеп, ұлт тарихының көркем шежіресін көз алдына әкеледі. Осылайша кітап әлемі – мен үшін сарқылмас рухани бұлақ, ал әрбір шығарма өмірді таңуға жетелейтін шамшырақ іспетті.

Сонымен қатар біздің ұжым рухани



ортаның алтын қазығы болғандықтан, әр үзілісте өзіміз оқыған әңгімелер мен кітаптарды ортаға салып, талқылап, алған әсерімізбен бөлісетін жақсы үрдісіміз бар.

– «Қазіргі таңда жастар кітап оқымайды, барлық уақытын әлеуметтік желіде өткізеді» деген сыни пікірлер көп естіміз. Жалпы, бұл тұрғыда сіздің ойыңыз қандай? Келешек буынды кітапқа қалай қызықтыра аламыз?

шығармашылық шабыт және еңбекте толағай табыс тілеймін. Сіздердің әр күніңіз оқырман алғысына, рухани ізденіске және жаңа жетістіктерге толы болсын. Кітаппен бірге өмір сүріп, кітаппен бірге биіктей берейік.

– Сұхбатыңызға рақмет. Ұлт руханиятына жасап жатқан еңбектеріңіз жемісті болғай!

Сұхбаттасқан
Арайлым ШАБДЕНОВА

► ТАРИХ ТЕГЕРШІГІ

ҚАЗАҚ ДАЛАСЫ – ЕЖЕЛГІ МЕТАЛЛУРГИЯНЫҢ ОТАНЫ

Қастерлі де қасиетті тарихта бабалардың ізі ардақты алтын әріппен қалып, өнеге өлшеміне айналғаны белгілі. Соның ішінде бүгінгі ән де, жыр да, шежіре де, ерлік те ата-бабалардан бастау алған айбынды аманат екені анық. Шойынды шыжғырып, болатты балқытып, сесті сауыт, жаулардың үмітін үзген үрейлі алдаспан жасап, Отан-ананы оттан қорғаған даналығы һәм батырлығы бір бөлек. Тіпті, сол бабалар даналығының, дара рухының алдында темірдің өзі тағзым етіп, бас игендей. Былай қарасаң белгілі бір аңды, анықтап қарасаң сол аңның жанарына тағы бір аңды бедерлеген шеберлікті сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Оны тек көзбен көріп, көздің қарашығындай сақтап, ұрпаққа аманаттау қажет.

Металл өндірудің амал-тәсілдерін табу тарихтың жаңа кезеңіне жол ашып, адамзат дамуының барысын түбегейлі өзгертті. Сан алуан металл кендеріне бай қазақ жері – металлургия пайда болған алғашқы орталықтардың бірі. Ежелгі заманда-ақ Қазақстанның орталық, солтүстік және шығыс аймақтарында тау-кен өндірісінің ошақтары пайда болып, қола, мыс, мырыш, темір, күміс пен алтын қорытпалары алына бастады. Ата-бабаларымыз жаңа, неғұрлым берік металлдар өндіру ісін дамытып, олардың жедел технологиялық ілгерілеуіне жол ашты. Қазба жұмыстары барысында табылған металл қорытатын пештер мен қолдан жасалған әшекей бұйымдары, ежелгі дәуірдің тұрмыстық заттары мен қару-жарақтары бұл туралы тереңнен сыр шертеді. Осының бәрі ежелгі замандарда біздің жеріміздегі дала өркениеті технологиялық тұрғыдан қаншалықты қарқынды дамығанын көрсетеді. Расымен де, бұл риясыз шындыққа дәлел көп. Соның ішінде Жамбыл өңірінде де сайгез сақ бабалар мекендеп, алғаш рет жұмыр тастан темірді бөліп алып, жебе құйған, жауларын қоғадай жапырып, өшпес ерлік жасағаны белгілі. Осы орайда біз өңірдегі металлургия тарихына көз жүгірткен едік.

Жамбыл облысындағы металлургия өндірісі қола дәуірінен бастау алады. Әсіресе, мынау өңіріміздің Шу өзені алқабында, Хантауының етегі, Шатыркөл аймағы, осы өңірлерде қола дәуірінен бастап металлургия өндірісі дамып, кен орындары алғаш ашылған еді. Оған байланысты өткен ғасырдың 80-жылдарында осы өңірде археологиялық ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізген Марияшев деген азамат болды. Міне, сол кісілер металлургия өндірісінің Жамбыл облысында ерте кезеннен,



яғни қола дәуірінен бастау алатынын нақтылап, ғылыми тұрғыдан дәлелдеп беріп кетті.

Аталған аймақта ғылыми барлау жұмыстарын жүргізген «Археологиялық сараптама» деген мекеме болды. Оған жетекшілік еткен академик Карл Молдақметұлы Байпақов осы маңнан көптеген қола дәуіріне жататын ең алғашқы кен орындарын нақтылап кеткен болатын. Сол уақыттан бастау алған кен орындары осы уақытқа дейін өзінің маңызын жоғалтқан жоқ. Әлі тарихтың өзіндегі адамзаттың жаңалығындағы сабақтастық болып отыр. Одан кейін ерте темір дәуірі дейміз, шошақ бөрік киген тиграхауда сақтары осы біздің Жамбыл өңірін мекен еткен. Олар сонымен қатар осы өңірдің өзінде үлкен мәдениеттің ерте темір дәуіріне жататын жалпы адамзат өркениетіне үлес қосатындай дүниелер

жасады. Оған дәлел ретінде Жетітөбе мен Берікқара обалы қорымдарын мысалға келтіруге болады.

Міне, бұлардың барлығында сол археологиялық қазба жұмыстары сонау өткен ғасырдағы 80-жылдың аяғы мен 90-жылдары жүргізілді. Сол уақыттың өзінде қазба жұмыстары барысында неше түрлі алтыннан жасалған әшекей бұйымдар табылған. Әсіресе, Берікқара обалы қорымында археологиялық ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізген Рамиль Исмаилов деген башқұрт азаматы көптеген жәдігерлерді анықтаған болатын. Олардың басым бөлігі қазір Ресейдің Санкт-Петербург қаласындағы Эрмитажда тұр. Осы Берікқарадан табылған ер адамның белбеуіндегі қапсырмалар аң стилінде жасалған. Сонымен қатар Жетітөбе обалы қорымында 2011 жылы облыстық бюджеттен қаражат бөлініп,

сол қаражатқа кешенді түрде археологиялық ғылыми-зерттеу ісі қолға алынып, екі ірі обала қазба жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде тоналып кеткен обалардың өзінен 40-қа жуық алтын фрагменттер, әшекей бұйымдар табылды. Оның басым көпшілігі барыстың басы, бұғының бейнесіндегі әшекейлер. Кейбір элементтерді арнайы үлкейткіш құралдармен, лупамен ғана көруге болады. Былай көзге көріне бермейді. Мысалы, бұғының көзі тұр, сол бұғының көзінің ішіне тағы бір аңның бейнесін салған. Сұмдық шеберлік қой. Ол жай көзге байқалмайды. Мұны сол уақыттағы металлургияны игерудегі ең бір үлкен жаңалық деп айтсақ болады. Қарапайым тұрғыдан осылай үлкен өр-

кениетті жасаған, ұлы далада өмір сүрген біздің арғы аталарымыз деп толық мақтанышпен һәм зор сеніммен айта аламыз, – дейді белгілі археолог-тарихшы Сауран Қалиев.

Керемет көрегенділікпен, асқан дәлдікпен, қазіргідей арнайы құрылғылардың елесі де жоқ дәуірлерде бұғының жанарына шағылысып тұрған тағы бір аңды бейнелеген бабалардың шеберлігіне еріксіз бас иесін. Пікірлесу барысында археолог-тарихшы күні кеше ғана Қаратау бөктерінде табылған қола қанжар мен жебенің ұштарын көрсетті.

Шын мәніне келсек, ежелгі дәуірлер, жалпы адамзат өмір сүруінің тарихындағы металлургияның Жамбыл өңірінің өзінде шығуы үлкен үрдіс болды. Әрине, кен орындары бізде көп кездеседі. Сол ерте темір дәуірінің өзінде мынау Ақыртас сарай кешенінің айналасында да алтын өндіретін кен орындары болған. Яғни осы жерді мекен еткен сақ тайпалары алтынды сырттан әкелген жоқ. Олар осы жергілікті кен орындарын білді, сол жерлерден алып, оның бағалы металл екенін танып, соны ерекше шеберлікпен дайындады. Табылған жәдігерлер сол ерте дәуірдегі біздің заманымызға дейінгі VI-III ғасырлардың аралығында Жамбыл өңіріндегі тайпалық одақта өмір сүрген халықтардың асқан бір металлургия өндірісінің зергер шеберлерінің болғандығын көрсетіп отыр.

Сонымен қатар ерте темір дәуірінен өтіп, орта ғасырлар кезеңіне келсек те осы металл өндіру ісі жалғасын тауып отырды. Әсіресе, бүгінгі Тараз қаласының қасында, Талас өзенінің жоғарғы ағысында орналасқан Жікіл деген қала болған. Сол қалада, қазіргі ғалымдардың топшылауынша, Садырқорған деп аталатын аумақ Киров су қоймасының астында қалып қойған. Міне, сол


қалада Тараз шаһарының теңгелерін дайындайтын арнайы орын болған. Мысалы, Жікіл ерте орта ғасырдың өзінде Ұлы Жібек жолының бойындағы күміс өндіретін ең бір стратегиялық маңызды қалалардың бірі еді. Өйткені осы Тараз қаласындағы Түркештердің, одан кейінгі Қарлұқтардың тұсындағы теңге өндірісі сол Жікіл қаласында жасалған. Түркештердің теңгесі дөңгелек, ортасындағы тесігі төрт бұрышты, қола, мыстан, күмістен әзірленген. Тараз қаласындағы зергерлік бұйымдардың басым көпшілігі сол Жікіл қаласында әзірленді. Немесе сол қалада күміс кен орнынан шикізат алынып келіп, Тараздағы ең ірі шеберханаларда жасалды. Оған дәлел ретінде 2015 және 2017 жылдары Көне Тараз қалашығы орнында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарынан табылған нақты заттай деректер бар. Мысалы, 2015 жылы қыркүйек айында табылған ерекше жәдігердің бірі – бір құмыра әйел адамның алтын мен күмістен жасалған әшекей бұйымдары. Ішінде белгілі бір керемет дәлдікпен жасалған сырға, сақина, алқасы бар. Сол көмбенің өзі жергілікті зергерлердің қолынан дайындалғаны ғылыми тұрғыда нақты дәлелденді. Одан кейінгі бағыттарда көптеген еңбек құралдары, қару-жарақ түрлері, үш, төрт, алты, сегіз қырлы жебенің ұштары анықталды. Барлығы да қола мен темірден жасалған. Обалардың өзінде көптеген күмістен жасалған әшекейлер мен қару-жарақ табылды.

Сонымен қатар Талас ауданында ортағасырлық Тамды деген қала бар. 2009 жылы сол жерде «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында кең көлемде жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары барысында қола найзаның ұшы, жебелер, металдан жасалған тұрмыстық бұйымдар шықты. Сол қалашықтың оңтүстік-шығыс бөлігінде жүргізілген қазба жұмыстары кезінде арнайы мысты, қоланы балқытатын ошақтар табылды. Құйма пештер бірнеше қалыңдықтан тұрады. Қоланың ыстары, қалдық, күйселері әлі күнге дейін жатыр сол жерде. Міне, бабаларымыз сол ошақтарда оттың қызуын күшейте отырып сол тастардан мысты балқытып алған. Сайып келгенде, осының барлығы да Жамбыл өңірі, Шу, Талас аумағында металлургияның тым әріде дамығандығын айшықтап отыр.

Қазірдің өзінде Шу, Талас аумағын жеке тарихи географиялық аймақ ретінде қарастыруымыз керек. Сонау тас ғасырында барлығы тастан жасалса, қола дәуіріндегі металдың өмірге келуі адамзат өміріндегі еңбек өнімділігінің белгілі бір дәрежеде артуына және өмір сүрудің жеңілдеуіне әкеп соқтырды. Тағы да металлургияның жаңа қарқында дамуы орта ғасырларға сайып келеді. X, XIV-XV ғасырларға дейінгі аралықта Тараз қаласы Ұлы Жібек жолы бойындағы сауданың қаласы ғана емес, металл өндірісінің де алға дамыған, өнер мен мәдениеттің қалыптасқан шаһары болып, басқа қалалармен терезесі тең тұрды, – дейді С.Қалиев.

Осылайша құм астынан қазып алынған құндылықтар темірдің алғашқы авторы ата-бабаларымыз екендігін сөзсіз дәлелдеп отыр. Бұл көңіл марқайтып, жанға жігер сыйлайтын дәлел. Сақтардың көсемі болған һәм қазақ даласынан табылған алтын адамдар, тіпті жеті қазынасының біріне айналған тұлпарларының өзі алтынмен аталып, күмістен күптелген. Міне, біз осындай текті, бекзада бабалардың ұрпағы, парасаттылықтың жалғасы болған перзентпіз. Сол үшін де олардың өнегелі жолы бізге аманат.

Еркін САЙЫН



► АҚ ПЕН ҚАРА

Бүгінде көне Тараздың көркіне сән қосу бағытында атқарылып жатқан жұмыстар жетерлік. Әсіресе, соңғы жылдары саябақтар мен демалыс аймақтары заманауи талаптарға сай қайта жаңартылып, олардың келбеті мүлде жаңа сипат алды. Соның арқасында бұрын қараусыз қалған аумақтар қазір тұрғындардың серуендеп, тынығуына қолайлы орынға айналғаны белгілі.



JASTAR ALLEIASY

БҮТІН ДҮНИЕНІ НЕГЕ БҮЛДІРЕМІЗ?

Құрмаш

ҚАПТАҒАЙ

Осы мақсатпен 2024 жылы шаһар аумағындағы саябақтарда жаяу жүргіншілердің су ішуіне арналған арнайы субұрқақтар орнатылған болатын. «Жасыл ел-Тараз» мекемесінің мәліметінше, осындай жалпы саны 8 субұрқақ қаладағы Қ.Рысқұлбеков, «Жеңіс», Тұңғыш Президент саябақтары мен «Жастар» аллеясы және «Көне Тараз» кешенінің аумағына қойылған. Олардың құны 150-200 мың теңгенің аралығын құрады.

Алайда арада көп уақыт өтпей-ақ бұл субұрқақтардың бірқатарының шүмегі істен шығып, суы тоқтап тұрғаны көзге анық байқалды. Мұндай жағдайлар олардың күтіміне тиісті деңгейде көңіл бөлінбегенінің көрінісі екені белгілі. Әсіресе, көктем-жаз мезгілдерінде қала тұрғындары мен қонақтары үшін аса қажетті бұл құрылғылардың жұмыс істемеуі қолайсыздық туғызатыны сөзсіз. Балаларымен серуендеген ата-аналар немесе спортпен айналысып жүрген жастар үшін таза ауыз судың қолжетімді болуы маңызды. Ал субұрқақтардың істен шығуы игі бастаманың өз деңгейінде жүзеге аспай отырғанын көрсететіндей.

Мәселенің мәнісін білмек болып «Жасыл ел-Тараз» мекемесіне хабарласқанымызда ондағы жауапты мамандар алдағы мамыр айында субұрқақтарды қайта қалпына келтіріп, іске қосуды жоспарлап отырғандарын жеткізді.

Осы мәселеге қатысты тұрғындардың да айтары бар.

– Бұл субұрқақтар алғаш орнатылғанда қаланың көркін ашып, саябақтарға ерекше сән беріп тұрған еді. Әсіресе, серуендеп жүрген кезде таза су ішіп, аз-кем тынығып алуға өте қолайлы болатын. Алайда өкінішке қарай, кейде тұрғындардың да осындай дүниелердің қадіріне жете бермейтіні байқалады. Кейбіреулердің салғырттығы мен жауапсыздығының салдарынан бүтін тұрған заттарды әдейі бұлдіріп, шүмектерін сындырып немесе бұрап кететін жағдайлар да кездеседі. Мұндай әрекеттер тек ортақ мүлікке зиян келтіріп қана қоймай, басқа тұрғындардың игілігіне де кері әсерін тигізеді. Сондықтан әрбір қала тұрғыны қоғамдық орындардағы дүниеге жанашырлықпен қарап, оны көздің қарашығындай сақтауы қажет деп ойлаймын, – дейді шаһар тұрғыны Мұрат Жұмабеков.

Өкініштісі, қазір саябақтарда сұрқы қашып тұрған жалғыз субұрқақтар ғана емес. Айталық, Қ.Рысқұлбеков саябағында болған жағдай да осының айқын дәлелі іспетті. Мұнда демалушыларға арналған кейбір нысандардың бүлініп, қараусыз қалғаны бірден көзге түседі. Атап айтқанда, саябақ аумағында орнатылған ақпараттық тақтайшалардың кейбірі сынып, орнында бос қаңқасы ғана қалған. Бұл келушілер үшін қажетті мәлімет алуға кедергі болып қана қоймай, жалпы аумақтың эстетикалық келбетіне де нұқсан келтіру-

де. Сонымен қатар демалыс орындарында орнатылған үстелдердің де жарамсыз күйге түскені байқалады. Кейбірінің тіректері құлап, бөліктері сынған, ал айналасы күл-қоқысқа толып қалған. Мұндай көріністер саябақтың мәдени демалыс орны ретіндегі маңызын төмендетіп, келушілердің көңіліне кері әсерін тигізеді. Әсіресе, отба-

ты бой көтерді. Бұдан бөлек, LED экран орнатылып, түрлі шаралар арқылы сүйемелденген болатын. Ал «Сағат» стелласы «Жастар» аллеясының көркіне көрік қосып тұрған-ды. Субұрқақтар декоративті тастардан құралған ою-өрнектермен безендіріліп, саябақ жағалауына гүлдер мен шырша талының көшеттері отырғызылған.



сымен немесе достарымен уақыт өткізуге келген тұрғындар үшін мұндай жағдайлар қолайсыздық туғызды. Бұдан бөлек, ескерткіш маңындағы тас тақтайшалар да бүлініп, шеттері мүжіліп, сынып жатыр. Бұл, бір жағынан, қауіпсіздік талаптарына да сай келмейді. Себебі, мұндай ақаулар жаяу жүргіншілер үшін қауіпті болуы мүмкін. Ал саябақ – ең алдымен, қауіпсіз әрі жайлы орта болуға тиіс.

Біз көрген «Жастар» аллеясындағы жағдай да жақсы емес. Аумағы 5,59 гектарды құрайтын «Жастар» аллеясы бұрынғы «Атшабар» скверінің орнына салынған. Жаңғырту аясында аллеяның М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің кіреберісі жеріне амфитеатр қойылып, 4 субұрқақ іске қосылған. Сондай-ақ «Жастар қабілет орталығы» ашылып, жастардың жиі бас қосатын орнына айналады деп күтілген. Аллеяның белортасына рухани әлемге жетелейтін «Кітап» сәулеттік композициясы құрылса, махаббаттың мәңгілік символы, Тараздың қосылмай кеткен қос ғашығы Болат пен Айнұрдың құрметіне ескерткіш

Жасыл желекті жай-қалтып тұру үшін автоматты суару құрылғылары жүргізіліп, заманауи жарық шамдар мен жаяу жүргіншілер жолағы жүргізілген. Адам тынығатын орындар ұялы телефонды қуаттағыш қондырғылармен жабдықталған. Міне, осындай керемет аллеяның бүгінде бүтінінен бүлінген жері көп.

«Сағат» стелласының да сәні әбден қашып тұр. Оның тілдері қозғалысын тоқтатқанына 4-5 жылдан асып кетті. Ал қомақты қаржыға салынған «Жастар қабілет орталығының» тағдыры да ақыры жеке қолға өтумен аяқталды. Алғашында бұл нысан сол кездегі жастар саясаты мәселелері басқармасының қарауына беріліп, түрлі мәдени және қоғамдық іс-шаралар өткізілетін орынға айналған болатын. Кей-

ін ғимарат жеке кәсіпкердің иелігіне өтіп, бүгінде «Vstreacha» атты түнгі ойын-сауық орны ретінде қызмет көрсетуде.

«Жастар» аллеясындағы LED экранның да жұмыс істегенінен тоқтап тұрған кезі көп. Қараусыз қалған кешеннің қабырғалары мүжіліп, кей тұстары құлап, арты апандай үңірейіп тұр. Демалуға арналған орындарға орнатылған телефон қуаттағыш құрылғылар да істен шығып, қираған күйде жатыр. Ол аздай, ішін қоқысқа толтырып, айналасына темекі қалдықтарын шашып кеткен.

Бұл жағдайға М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің студенті Берік Аманжол да өз алаңдаушылығын білдірді.

– Университетке жақын орналасқандықтан саябаққа жиі келемін. Бұрын бәрі таза, жақсы еді. Қазір көп дүние қирап жатқаны жасырын емес. Қазір мұнда апта сайын жәрмеңке өтіп жатыр. Шыны керек, іс-шара аяқталған соң аллея аумағы күл-қоқысқа толып қалады. Әрине, бұған жалғыз тазалық сақшыларының шамасы келмейді. Бұл тұрғыда тұрғындардың да жауапкершілігін арттыру қажет. Мұнда келетіндердің көбі – өзін сияқты жастар. Замандастарымды тәртіп пен тазалықты сақтауға барынша шақырып жүремін, – дейді Берік Айтбайұлы.

Жалпы алғанда, саябақтардың тек жаңартылып қана қоймай, олардың тұрақты түрде күтіп-ұсталуы аса маңызды. Бұл ретте тиісті мекемелер тарапынан жүйелі бақылау мен жедел жөндеу жұмыстары жүргізілуі қажет.

Біз де өз кезегімізде саябақтағы келеңсіздіктер қашан қалпына келтірілетінін білу үшін Тараз қаласы әкімдігінің тұрғын жай-коммуналдық шаруашылық, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөліміне қайырылғанымызбен, ешқандай жауап ала алмадық.

Ақиқатын айтқанда, мұндай жағымсыз жайттар тек бір-екі нысанмен шектелмейді. Мәселен, «Таразға тарту» жобасы аясында салынған «Денсаулық» саябағындағы дәрігерге арналған ескерткіштің өзі екі рет бұзақылардың қолынан зардап шекті. Ақыр соңында оны мүлде алып тастауға тура келді. Сондай-ақ Еңбек Ері Жазылбек Қуанышбаевтың құрметіне ашылған сквердегі төрт түлік мүсіндері де вандализмнің құрбаны болды.

Жалпы, өңірде жаңа нысандарды салу үрдісі болғанымен, оларды күтімге алып, жауапкершілікпен қарау жағы ақсап тұрғандай. Сондықтан бұл мәселеге жауапты тұлғалар бейжай қарамай, әрбір нысанның кейінгі тағдырына да мән бергені жөн. Әйтпесе, бүгін сән беріп тұрған саябақтар мен скверлер ертең-ақ қаланың көркін қашыратын күйге түсуі әбден мүмкін.

► ӨМІРІ - ӨНЕГЕ

ҰСТАЗДЫҚТЫ ҰЛЫ МҰРАТ ТҮТҚАН...

«Алты алаштың басы қосылса, төр – мұғалімдікі» деген сөз – ұлы ақын, ағартушы Мағжан Жұмабаевтың ұстаз мәртебесіне берілген үлкен бағасы, ерекше құрметі. Расында да, қай кезеңде де ұстаз – ұлттың ұстыны, елдің ертеңін тәрбиелейтін ең қадірлі тұлға. Осындай абыройлы жолды ғұмырына серік еткен азаматтардың бірі – Мойынқұм ауданы, Мойынқұм ауылы, М.Жұмабаев атындағы мектеп-лицейінің директоры Шыңғыс Жашаралы.



Жұматай

КӨКСУБАЙ

Болашақ ұстаз 1971 жылдың 17 мамырында «Жаз атаның ауылы» атанған Мойынқұм ауданында дүниеге келген. Қазақта «Балапан ұядан не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген қанатты сөз бар. Бұл отбасын ұстаздар династиясы деп атауға болады. Себебі кейіпкеріміздің әкесі Жашаралы Қойгелдиев пен анасы Қияш Дарубаева – білім саласында қызмет еткен жанкешті жандар. Ал ағасы Мәмбет Қойгелдиев – тарихшы, қазаққа есімі белгілі ғалым болса, әпкесі Зәуреш Қойгелдиева – Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің оқытушысы. Осындай зиялы отбасында өскен ол 1977 жылы сол кездегі Фурманов (қазіргі М.Жұмабаев) атындағы орта мектептің табалдырығын аттап, 1988 жылы оны үздік тәмамдайды.

Осылайша талапты жас 1988 жылы арман қуып, Алматыға аттанады. Жаңа ортаға табан тіреген ауылдың баласы үлкен өмірді жатсынбай, емтихандардан сүрінбей өтіп, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне оқуға түседі.



Осылайша, «Тарих және қоғамтану пәндерінің оқытушысы» мамандығын 1993 жылы жоғары нәтижемен бітіреді.

«Туған жерге туынды тік» деген ұлағатты сөзді бойына тұмар еткен азамат жұрттың көбі базар жағалап, үлкен қалаларға ағылып жатқан тұста Алматыдағы қызығы мол өмірге қош айтып, «Тұнық терім туған жеріме тамсын» деген мақсатпен дипломын аркалап, Мойынқұмға тартады. Алайда ел еңсесі енді ғана тіктеліп, екі қолға бір күрек табылмай тұрған қиын кезеңде талапты жастың «Ұстаз боламын, қара көздерге білім беремін» деген арман-мақсаты бірден жүзеге аса қоймайды.

Осылайша еңбек жолын 1993 жылы Мәдениет үйінде автоклуб меңгерушісі болып бастаған ол әр салада шыңдалып, өмірлік тәжірибе жинақтайды. Ал 1994-1996 жылдары «Чика» өндірістік кооперативінде бас бухгалтер қызметін атқарып, жауапкершілік пен ұқыптылықтың жарқын үлгісін көрсетеді. Осы кезеңдерден кейін ғана ұстаздық жолға біржола бет бұрып, Фурманов атындағы орта мектепте тарих пәнінің мұғалімі болып еңбек етеді.

– Ол жылдары жұмыс табу қиын еді. Түрлі салада еңбек етіп, кейін өзімнің жаным сүйетін мамандығым бойынша ұстаз болып орналастым. Жұмыс істеп жүргеніме екі жылға жуықтағанда ауданымызда білім бөлімі ашылды. Бір кездері

жабылып қалған бөлімнің қайта ашылуына ықпал еткен ұлтжанды азамат Аманжол Кенжетайұлы еді. Сол кісі: «Шыңғыс, сен ҚазГУ-дің түлегісің ғой, білімді туған жеріңе арнауың керек», – деп аудандық білім бөліміне жұмысқа қабылдады. Дәл сол бөлімнен басталған жолмен әлі де білім саласында келе жатырмын, – дейді Шыңғыс Жашаралыұлы.

Білім бөліміндегі жұмысын абыроймен атқарған ол 2002-2006 жылдары Қияқты ауылындағы Ағыбай батыр атындағы орта мектептің директоры болып, білім ордасының дамуына тың серпін берді. Ал 2006-2019 жылдары Мойынқұм ауылындағы Балалар мен жасөспірімдер орталығын басқарып, жас ұрпақтың жан-жақты дамуына жағдай жасады. Сондай-ақ 2019-2023 жылдары А.Назарбеков ауылындағы Әлия Молдағұлова атындағы мектептің директоры ретінде де нәтижелі еңбек етіп, білім беру ісіндегі іскер басшы ретінде танылып, 2023 жылдың 31 тамызынан бастап бүгінгі күнге дейін Мойынқұм ауданының орталығындағы бір кезде өзі білім алған М.Жұмабаев атындағы мектеп-лицейдің директоры қызметін абыроймен атқарып келеді.

– Өлі есімде, 2002 жылы Мойынқұм ауданы, Қияқты станциясындағы Ағыбай батыр атындағы орта мектепке ауысқан кезім. Жаз айы, күн аптап ыстық. Сол кездегі білім бөлімінің бастығы Аманжол Белгібаевтың қара «Волга» автокөлігімен барған едік. Жол үстінде ол кісінің: «Шыңғыс Жашаралыұлы, қазір баратын ауылға барған соң қашып кетпе», – деп әзілдегені жадыма сақталып қалыпты. Бұл – сол жылдары ауыл мектептерінің жағдайы төмен болғанының айғағы еді. Әр сыныпта бөлек-бөлек пештер орнатылып, оларды мұғалімдердің өздері жағатын.

2024 жылы мектебіміз Қазақстандық Ұлттық ЮНЕСКО клубтары Федерациясының мүшелігіне қабылданды. Бүгінде мектепте 810 оқушы

білім алып, 135 мұғалім мен кіші қызметкерлер еңбек етуде. Ең үлкен арманым – М.Жұмабаев атындағы мектеп-лицейге жаңа, заманауи ғимарат салынса, – дейді Шыңғыс ағамыз өткен күндерді тебіреніспен еске алып.

Білікті басшының табысты еңбегінің нәтижесінде 2-4 сынып оқушылар арасындағы «Бастау» республикалық математикалық олимпиадасында 3 оқушы, 9-11 сыныптар бойынша 27 оқушы бас жүлдені қанжығалапты. Сондай-ақ облыстық «Мен – зерттеушім» байқауында аталған мектептің бір оқушысы бас жүлдеге ие болыпты.

Жалпы, Шыңғыс Жашаралыұлы – тек білікті басшы ғана емес, өнегелі әке, ардақты жар. Жұбайы Индира Манапбаева – жоғары білімді маман, балалар саз мектебінің оқу ісі жөніндегі орынбасары. Бір шаңырақ астында бес бала тәрбиелеп отырған отбасының екі қызы әке жолын жалғап, Алматы қаласында ұстаздық қызмет атқарады.

Қорыта айтқанда көп тілді меңгерген, заманауи технологияларды жетік білетін Шыңғыс Жашаралыұлы – өз ісіне адал, жауапкершілігі жоғары азамат. Ұстаздықты ұлы мұрат етіп, саналы ғұмырын білім мен тәрбиеге арнаған тұлғаның еңбегі – ел болашағына қосылған өлшеусіз үлес. Осындай азаматтар барда ұлттың рухани тірегі берік, келешегі кемел болары сөзсіз.

► МЕРЕЙ

Ұстаз алдын көрмеген жан жоқ. Өскелең ұрпаққа білім беруді өзіне кәсіп қана емес, өмірлік мәні қылған ардақты да қадірлі мұғалімдер өңірімізде баршылық. Адам өміріндегі ең асыл миссия – елге қызмет ету, ұрпақ тәрбиелеу десек, осы ұлы жолды өз ғұмырының өзегіне айналдырған жанның бірі – Раушан Шыныбаева. Оның өмір жолы – қиындық пен еңбектен, ізденіс пен табандылықтан, адамдық пен адалдықтан құралған тұтас бір тағылымды шежіре.

ҒҰМЫРЫ – ҰРПАҚҚА ҒИБРАТ

Арайлым

ШАБДЕНОВА

Жақсы ұстаз өз жолын қуатын шәкірт тәрбиелеп, ұстаз бен шәкірт арасында үзілмес сабақтастық орнатқанда ғана ұстаздың есімі ұрпақтан ұрпаққа таралары сөзсіз. Себебі кез келген салада, білім мен ғылымда болсын жетістікке жеткен жан әуелі өзінің алғашқы ұстазын еске алатыны белгілі. Мойынқұм ауданы, Ұланбел ауылы, М.Әуезов атындағы орта мектепте қырық жыл қызмет етіп, бүгінде зейнетке шыққан Раушан Игілікқызы 1965 жылдың 2 сәуірінде бұрынғы Жезқазған облысы, Жаңаарқа ауданында дүниеге келген. Балалық шағы туған жердің қоңыр самалындай таза арман мен үмітке толы болып, білімге деген құштарлық оны ерте жастан үлкен өмір жолына жетеледі.

1981 жылы орта мектепті ойдағыдай аяқтаған ол әуелі педагогикалық сыныпта тәрбиеші ретінде тәжірибе жинақтап, ұстаз-



кеңесінің төрайымы ретінде ауыл әйелдерінің жағдайын жақсарту жолында көптеген маңызды шаралар ұйымдастырды. Ол әйелдердің құқықтарын қорғауға, олардың қоғамдық өмірге белсене қатысуына ерекше көңіл бөлді. Әрбір



дыкқа алғашқы қадамын бастады. Білімге деген құштарлығы оны 1983-1985 жылдары Жезқазған педагогикалық училищесіне жетелеп, бастауыш сынып мұғалімі мамандығын игеруіне жол ашты.

Еңбек жолы 1985-1987 жылдары туған ауылы Ақтауда басталып, №4 фермада бастауыш сыныптың мұғалімі әрі оқу ісі жөніндегі орынбасары қызметтерін атқарумен жалғасты. Бұл жылдар оның ұстаздық қабілетін шыңдап, бала жанын түсінуге, білім мен тәрбиені ұштастыруға баулыған маңызды кезең болды.

Жүрек қалауы мен өмірлік жолы оны Жамбыл өңірімен табыстырды. Мойынқұм ауданы, Ұланбел ауылына тұрмысқа шыққаннан кейін еңбек жолы жаңа белеске көтерілді.

Ал 1988 жылдан бастап Ұланбел ауылындағы М. Әуезов атындағы орта мектеп қабырғасында бастауыш сынып мұғалімі болып қызмет атқарып, кейіннен оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасар, мектеп директоры болды. Қазіргі таңда ол – мектеп директорының бейіндік іс жөніндегі орынбасары. Бұл – оның педагогикалық шеберлігінің, ұйымдастырушылық қабілетінің және көшбасшылық қасиетінің айқын дәлелі.

Ұлағатты ұстаз – өз ауылында зор құрметке ие, қоғамға жанашырлықпен қарайтын, еңбеккер және жауапкершілігі мол тұлға. Ұланбел ауылының тұрғындары оны тек өздерінің белсенді көмекшісі, мықты ұйымдастырушы ретінде ғана емес, сонымен қатар өзінің адамгершілік қасиеттерімен танылған азамат ретінде біледі.

Бұдан бөлек, Ұланбел ауылының №320 сайлау учаскесінің төрайымы ретінде Раушан Игілікқызы өз міндетін жауапкершілікпен атқарды. Ол сайлау барысындағы барлық жұмыстарды мұқият ұйымдастырып, тұрғындардың өз дауыстарын қауіпсіз әрі еркін түрде беруін қамтамасыз етті. Раушан Шыныбаева тек сайлау учаскесінің жұмысына ғана емес, жалпы ауылдағы қоғамдық өмірге де зор ықпал етті. Оның жұмысында әділдік пен адалдық басты орынға қойылды.

Кейіпкеріміз сонымен қатар әйелдер

әйелдің пікірін тындап, қажетті қолдау көрсету арқылы ол өз қоғамында әйелдердің беделін көтеруге зор ықпал етті. Оның басшылығымен көптеген әлеуметтік жобалар мен шаралар ұйымдастырылып, әйелдердің түрлі салаларда өз әлеуетін жүзеге асыруына мүмкіндік берілді.

Раушан Шыныбаева өзінің қоғамдық қызметі арқылы ауылда ғана емес, оның ауқымынан тыс жерлерде де үлгі боларлық іс қалдырды. Оның еңбегі мен қызметі ұрпақтан ұрпаққа жететін мұра болып қалатыны сөзсіз. Туған ауылына деген шексіз махаббаты мен оның өркендеуіне қосқан үлесі ауылдың дамуына оң әсерін тигізді. Бұл тұста ұстаздың еңбегі де елеусіз қалмады. Ол ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдық мерейтойына арналған медальмен, «Ұлағатты ұстаз» төсбелгісімен, облыстың ауданның Құрмет грамоталары мен Алғыс хаттарына ие болған. Сондай-ақ оқу ағарту министрінің Құрмет грамотасын да алған. «Мойынқұм ауданына еңбегі сіңген қызметкер» төсбелгісімен де марапатталған.

Ұстаздың өмір жолы тек қызметпен ғана өлшенбейді. Ол – үш перзенттің ауылу анасы, бес немеренің сүйікті әжесі. Бүгінде оның ұрпақтары – ұстаз еңбегінің жемісі, мейірім мен тәрбиенің жалғасы. Оның шәкірттері мен перзенттері бүгінде оның жолын қуып, ұстаздықты өз қолдарына алып, білім саласында табысты еңбек етіп жүр. Ұлағатты ұстаз өзінің кәсіби жолында қалдырған үлкен мұрасын әрбір шәкірті мен отбасының жүрегіне мәңгілікке сақтап қалды.

Раушан Шыныбаеваның ғұмыры – табандылық пен төзімнің, білім мен тәрбиенің, қарапайым еңбектен биік тұлғаға дейінгі осы жолының айқын көрінісі. Оның өмірі – жас ұрпаққа үлгі, ұстаздықтың қасиетін терең сезіндіретін өнегелі тағылым. Ұстаздық жолын жүрекпен таңдаған жанның өмірі ешқашан ізсіз қалмайды. Өйткені ол қалдырған із – шәкірт жүрегінде, ал еңбегінің жемісі – ел болашағында. Зейнет жасына жеткен ұлағатты ұстазды мерейлі мерекесімен құттықтай отырып, бейнетінің зейнетін көруіне тілектеспіз.

▶ АЗАМАТ, АБАЙ БОЛ!

АЛАЯҚТАР АЛДАУДЫҢ ЖАҢА АМАЛЫН ТАПТЫ

Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Қоғамдық қауіпсіздік пен қылмыстық қауіп-қатерлерді болжау орталығы бұлттық сервистерді пайдаланушыларға бағытталған интернет-алаяқтықтың жаңа схемасы туралы ескертеді.

Шетелдік дереккөздердің мәліметтері бойынша (<https://www.theguardian.com/money/2026/apr/12/apple-icloud-storage-scams-emails>, <https://lenta.ru/news/2026/04/13/apple-scams/>, <https://www.obozrevatel.com/ekonomikaglavnya/economy/moshenniki-atakuuyut-vladetsev-iphone-kak-dejstvuet-novaya-shema.htm>), алаяқтар iPhone пайдаланушыларына iCloud бұлттық қойманың толып кеткені туралы жалған электрондық хаттар, SMS-хабарламалар және хабарландыруларды жаппай таратуда. Хабарламаларда аккаунттың бұғатталатыны және фотосуреттер, бейнелер мен құжаттардың жойылуы мүмкін екені көрсетіледі. Бұл хабарламалар бұлттық платформаларды қоса алғанда танымал сервистердің, ресми ескертулерін толықтай қайталайды. Бұл олардың шынайы екеніне сенім тудырып, пайдаланушыны әрекет жасауға итермелейді. Шұғылдық әсерін күшей-

ту үшін пайдаланушыларға сілтеме арқылы өтіп, сақтау көлемін ұлғайту, төлем деректерін жанарту немесе қолжетімділікті қалпына келтіру ұсынылады. Сілтемені басқан кезде ықтимал құрбандар түпнұсқа сервистерді көшіретін фишингтік сайтқа түседі. Онда енгізілген логиндер, құпиясөздер және банк деректері киберқылмыскерлердің қолына түседі. Осындай жолмен түрлі бұлттық сақтау сервистері (Google Drive, Mail.ru бұлтты, Яндекс Диск және т.б.) туралы хабарламалар жіберілуі мүмкін. Қауіп-қатердің осы түрі тарала бастағанын ескере отырып, мыналар ұсынылады:

- SMS, электрондық пошта және мессенджерлердегі «шұғыл» хабарламалардағы сілтемелерге өтпеу;
- бұлттық қойманың жағдайын тек ресми қосымшалар немесе сайттар арқылы тексеру;
- бөгде парақшаларда логиндер,

құпиясөздер және банк деректерін енгізу;

- барлық бұлттық және пошталық аккаунттарда екі факторлы аутентификацияны қосу;
- әртүрлі сервистер үшін бірегей және күрделі парольдерді пайдалану;
- бұзып кіру күдігі болған жағдайда дереу құпия сөзді ауыстырып, барлық белсенді сессияларды аяқтау қажет.

Сақ болыңыз: деректердің жойылуы немесе аккаунттың бұғатталуы туралы кез келген хабарламаны тек ресми сервистер арқылы тексеріңіз.

Бас прокуратура
Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің
Қоғамдық қауіпсіздік пен қылмыстық қауіп-қатерлерді болжау орталығы

ТАРАЗ ҚАЛАСЫНЫҢ ЖЕРГІЛІКТІ АТҚАРУШЫ ОРГАНДАРЫНЫҢ 2026 ЖЫЛДЫҢ I ТОҚСАНЫНДА КӨРСЕТІЛГЕН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР БОЙЫНША ҚЫСҚАША ЕСЕБІ

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне сәйкес, Тараз қаласының жергілікті атқарушы органдарымен (ары қарай – ЖАО) 47 мемлекеттік қызмет түрі көрсетіледі.

Оның ішінде:

- қағаз түрінде – 3 қызмет түрі (7 %);
- электрондық түрде – 44 қызмет (93 %).

2026 жылдың I тоқсанында қала бойынша ЖАО 16 371 мемлекеттік қызмет көрсетілген.

Оның ішінде:

- электрондық түрде – 16 094 қызмет (98,3 %);
- қағаз түрінде – 277 қызмет (1,7 %).

Осы мерзімде ЖАО қызмет берушілері 3 044 қызметті көрсетуден дәлелді бас тартты. Аталған бас тартулардың негізгі себептері – қызмет алушылардың құжаттар топтамасын толық ұсынбауы немесе дұрыс толтырмауы.

2026 жылдың I тоқсанында мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге шағым түсірілген.

Мерзімдері бұзылып көрсетілген мемлекеттік қызметтер орын алмады.

ЖАО есепті кезеңде мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын арттыру бойынша 196 түсіндірме іс-шара жүргізді (насихаттау, семинар-кеңестер, БАҚ-та жариялау, бейнероликтер).

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер сапасына ішкі бақылау жүргізудің 2026 жылға арналған жоспарына сәйкес, I тоқсанда Тараз қаласы әкімдігінің тұрғын жай-қоғамдық шаруашылық, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімінде 2026 жылдың 10-20 наурыз аралығында ішкі бақылау іс-шаралары жүргізілді.

А.А.ЛИМБЕТОВА,
Тараз қаласы әкімі аппаратының мемлекеттік көрсетілетін қызметті мониторингілеу бөлімшесінің басшысы

АППАРАТ АКИМА ГОРОДА ТАРАЗ КРАТКИЙ ОТЧЕТ ОБ ОКАЗАНИИ ГОСУДАРСТВЕННЫХ УСЛУГ ЗА I КВАРТАЛ 2026 ГОДА

Согласно Реестра государственных услуг местными исполнительными органами города Тараз (далее – МИО) оказывается 47 видов государственных услуг.

В том числе:

- в бумажном виде - 3 видов услуг (7 %);
- в электронном виде - 44 услуг (93%).

За I квартал 2026 года местными исполнительными органами города всего оказано 16 371 государственных услуг.

В том числе:

- в электронном виде – 16 094 услуг (98,3 %);
- в бумажном виде – 277 услуг (1,7%).

За отчетный период услугодателями МИО мотивированно отказано в предоставлении 3 044 услуг. Основными причинами данных отказов являются неполное предоставление услугополучателями пакета документов или имеющихся несоответствий заполнения.

В I квартале 2026 года жалоб на качество оказания государственных услуг не поступало.

Нарушений сроков при оказании государственных услуг не выявлено.

В целях повышения качества оказываемых МИО госуслуг за отчетный период проведено 196 разъяснительных мероприятий (в т.ч.: публикации в СМИ, семинары-совещания, видеоролики).

В соответствии с планом проведения внутреннего контроля за качеством оказания государственных услуг на 2026 год в I квартале в отделе жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог акимата города Тараз с 10 по 20 марта проведены мероприятия внутреннего контроля.

А.А.ЛИМБЕТОВА,
Начальник подразделения мониторинга государственных услуг аппарата акима города Тараз

ТАРАЗ ҚАЛАСЫНЫҢ ЖҰМЫС БЕРУШІЛЕРІНІҢ НАЗАРЫНА!

ҚР Еңбек кодексі (әрі қарай – Кодекс) 23-бабының 2-тармағының 27) тармақшасына сәйкес, Жұмыс беруші жұмысшылардың еңбек шарттарын автоматтандырылған e-HR есепке алудың бірінғай жүйесіне енгізуге міндеттелген.

Қазақстан Республикасының

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес, келесі бұзушылықтар орын алған жағдайда:

1) еңбек шарттарын есепке алудың бірінғай жүйесіне ақпаратты белгіленген мерзімдерде енгізу немесе уақытлы енгізу;

2) еңбек шарттарын есепке алудың бірінғай жүйесіне ақпаратты толық көлемде енгізу;

3) еңбек шарттарын есепке алудың бірінғай жүйесіне анық емес және (немесе) дұрыс емес ақпарат енгізу түрінде жасалған бұзушылықтар үшін айыппұлдар қарастырылған.

2026 жылы қарастырылған айыппұлдар кестесі

Реттік №	Субъект санаты	Алғаш заңбұзушылық орын алғанда	Бір жыл ішінде қайта орын алғанда
1.	Лауазымды адамдарға	30 АЕК (129 750 теңге)	60 АЕК (259 500 теңге)
2.	Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға	60 АЕК (259 500 теңге)	80 АЕК (346 000 теңге)
3.	Орта кәсіпкерлік субъектілеріне	80 АЕК (346 000 теңге)	100 АЕК (432 500 теңге)
4.	Ірі кәсіпкерлік субъектілеріне	150 АЕК (648 750 теңге)	200 АЕК (865 000 теңге)

Осыған орай мәліметті enbek.kz автоматтандырылған жүйесіне уақытлы енгізу қажет екенін назарыңызға саламыз.

Тараз қаласы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі

К СВЕДЕНИЮ РАБОТОДАТЕЛЕЙ ГОРОДА ТАРАЗ!

В соответствии с подпунктом 27) пункта 2 статьи 23 Трудового кодекса РК (далее – Кодекс) Работодатель обязан вносить в автоматизированную информационную систему электронных трудовых договоров (e-HR) информацию о заключении и прекращении с работниками трудового договора.

Согласно Кодекса Республики Казахстан об административных правонарушениях за нарушения совершенное в виде:

- 1) невнесения или несвоевременного внесения информации в единую систему учета трудовых договоров в установленные сроки;
- 2) невнесения в полном объеме информации в единую систему учета трудовых договоров;
- 3) внесения недостоверной и (или) некорректной информации в единую систему учета трудовых договоров, предусмотрены следующие штрафы:

Таблица штрафов на 2026 год

№ п/п	Категория субъекта	Первичное нарушение	Повторное нарушение
1.	Должностные лица	30 МРП (129 750 тенге)	60 МРП (259 500 тенге)
2.	Малый бизнес или некоммерческие организации	60 МРП (259 500 тенге)	80 МРП (346 000 тенге)
3.	Средний бизнес	80 МРП (346 000 тенге)	100 МРП (432 500 тенге)
4.	Крупный бизнес	150 МРП (648 750 тенге)	200 МРП (865 000 тенге)

В этой связи, обращаем Ваше внимание, на своевременное внесение данных в автоматизированную систему enbek.kz.

Отдел занятости и социальных программ акимата города Тараз

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қазфосфат» ЖШС ТФ, ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабына сәйкес, 2026 жылғы 28 мамыр сағ. 10:00-де, Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Е.Ниетқалиев көшесі, №128 мекенжайы бойынша зауыт әкімшілігінде (Мәжіліс залы) және 2026 жылғы 28 мамыр сағ. 15:00-де, Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы, Ақбастау ауылдық округі, Бірлесу-Еңбек ауылы, әкімдік ғимаратында «Қазфосфат» ЖШС ТФ үшін кешенді экологиялық рұқсат алу үшін жобалық материалдар» бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі <https://ndbecology.gov.kz> сайтында, сондай-ақ жергілікті атқарушы органның «<https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat/activities/8220>» сайтында танысуға болады.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар <https://ndbecology.gov.kz> сайтына, сондай-ақ s.agabek@zhambyl.gov.kz электрондық поштасына қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу шаралары, оның ішінде әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, карантин енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі. Өткізілетін қоғамдық тыңдаулардың белсенді сілтемесі [Qosyl](http://qosyl.gov.kz)-дағы кездесуге қосылу:

Кездесу уақыты: 28.05.2026, 10:00. Кездесу идентификаторы: 912-524-409-831. <https://meet.qosyl.kz/meeting?room=912524409831>.

Кездесу уақыты: 28.05.2026, 15:00. Кездесу идентификаторы: 952-077-471-668. <https://meet.qosyl.kz/meeting?room=952077471668>.

Қосымша ақпаратты esorgo-1@mail.ru электрондық поштасы және +7 (702) 557 40 58 телефоны бойынша алуға болады.

Жобаның бастамашысы: «Қазфосфат» ЖШС ТФ, БСН: 001241006261, Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Е.Ниетқалиев көшесі, №128, тел: 8 (701) 956 61 68.

Жобаны әзірлеуші: «Еco Project Company» ЖШС, БСН: 200540023731, Ақтөбе қаласы, И.Тургенев көшесі, №3 «В», тел: +7 (702) 557 40 58.

Әсер ету аймағы: Тараз қаласы.

Учаскенің географиялық координаты: Минералды тынайтқыштар зауыты 42°92'58,52" с. б. 71°31'92,45" ш. е.

Әсер тигізетін территорияның географиялық координаты: Тараз қаласы 42°89'96,64" с.б. 71°39'27,27" ш. е. (А)

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТФ ТОО «Қазфосфат», в соответствии с требованиями статьи 96 Экологического кодекса РК, сообщает, что в 10 час 00 мин. 28 мая 2026 года по адресу Жамбылская область, г. Тараз, ул. Ниетқалиева 128, Заводоуправление (Актовый зал) и в 15 час 00 мин. 28 мая 2026 года по адресу Жамбылская область, Жамбылский район, Ақбастауский с.о., с. Бірлесу Еңбек в здании акимата состоятся общественные слушания в форме открытого собрания по проектам «Проектные материалы по КЭР для ТФ ТОО «Қазфосфат» минеральные удобрения».

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на сайте Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов <https://ndbecology.gov.kz>, а также сайте МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat/activities/8220?lang=ru>.

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на сайт <https://ndbecology.gov.kz>, а также s.agabek@zhambyl.gov.kz.

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме. Активная ссылка проводимых общественных слушаний подключиться к встрече в Qosyl:

Время встречи: 28.05.2026 10:00. Идентификатор встречи: 912-524-409-831. <https://meet.qosyl.kz/meeting?room=912524409831>.

Время встречи: 28.05.2026 15:00. Идентификатор встречи: 952-077-471-668. <https://meet.qosyl.kz/meeting?room=952077471668>.

Дополнительную информацию можно получить по адресу esorgo-1@mail.ru и по телефонам +7 (702) 557 40 58.

Оператор намечаемой деятельности: ТФ ТОО «Қазфосфат», БИН: 001241006261, Жамбылская область, г. Тараз, улица Ниетқалиева 128, тел: 8 (701) 956 6168.

Разработчик проекта: ТОО «Еco Project Company», БИН: 200540023731, г. Ақтөбе, ул. Тургенева 3В, тел: +7 (702) 557 40 58.

Территория воздействия: Жамбылская область, г. Тараз.

Географические координаты участка: Завод минеральных удобрений 42°92'58,52" с. ш. 71°31'92,45" в. д.

Географические координаты территории воздействия: г. Тараз 42°89'96,64" с.ш. 71°39'27,27" в. д. (А)

▶ ПРЕМЬЕРА

Тарихтың терең қатпарында аты алтын әріппен жазылған тұлғалар аз емес. Солардың бірі – Сұлтан Бейбарыс. Дешті Қыпшақтың кең даласында дүниеге келген Бейбарыс бала кезінде тағдыр тәлкегіне түсіп, жат жерге құл ретінде сатылды. Мысыр жерінде мәмлүк әскерінің қатарында жүріп, өз ерлігімен, ақыл-парасатымен көзге түседі.



«СҰЛТАН БЕЙБАРЫС» – ТАРАЗ ТӨРІНДЕ

Жұматай

КӨКСУБАЙ



тағына дейінгі жолы терең ойға жетеледі.

Осындай Ұлы дала перзентін ұрпақ санасына сіңіру мақсатында А.Токпанов атындағы облыстық академиялық қазақ драма театры жазушы-драма-

Сондай-ақ Алтын Орда елшісі рөлін Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Аскарбек Сейілхан жоғары кәсібилікпен алып шықты. Тарихшы Тәңірберді образын Қазақстанның еңбек

Ал Фатима рөлімен жас актриса Акнұр Елемесова көрермен ықыласына бөленсе, Құтыз бейнесін Жандос Ильясбеков сомдады.

Жалпы, спектакль желісі Бейбарыстың әділ басшы, алғыр дипломат әрі қайсар қолбасшы ретіндегі болмысын ашып көрсетеді. Оның өміріндегі күрес пен жеңіс, достық пен сатқындық, тағдыр мен таңдау сынды мәңгілік тақырыптар көрермен көңіліне терең ой салады. Қойылым барысында қазақ халқының бай мәдени мұрасы – ұлттық музыка, әуен, би және салт-дәстүр көркем үйлесім тапты.

Премьера соңында Жамбыл облысы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту басқармасы атынан шығармашылық ұжымға ықылас гүлі табысталып, кештің көркін айшықтай түсті. Сонымен қатар А.Токпанов атындағы облыстық академиялық қазақ драма театрының директоры Ақылдос Тәжиев қойылымның қоюшы-режиссері Гауһар Адай мен қоюшы-суретшісі Гүлдана Алинаға ерекше ризашылығын білдіріп, алғыс хат табыс етті.

Тарихи-драмалық қойылым Тараз көрерменінің жүрегіне жол тауып, ыстық ықылас пен зор қошеметке ие болды. Бұл туынды – өткен мен бүгінді жалғаса рухани көпір іспетті, ұлттық тарихты жаңаша пайымдауға жетелейтін тағылымды сахналық дүние.



тург Рахымжан Отарбаевтың «Сұлтан Бейбарыс» шығармасы желісімен сахналанған жаңа қойылымды тараздық көрерменге ұсынды.

Мысыр, Сирия, Иордания, Ливан, Израиль, Палестина, Хиджаз жері мен Ирактың Евфорт өзенінің батыс жағындағы жерлерін, Түркияның оңтүстік шығысындағы жерлерді қамтыған мәмлүк мемлекетін 132 жыл басқарған қыпшақ династиясының негізін салушы, жат жерде он жеті жыл сұлтандық құрған Бейбарыстың күрделі күреске толы тағдыры баяндалатын қойылымның режиссері – «Асанәлі» сыйлығының иегері Гауһар Адай. Ал сахналық кеңістікті үйлестірген қоюшы-суретші – ҚР Мәдениет саласының үздігі Гүлдана Алина.

Сұлтан Бейбарыс бейнесін театрдың тәжірибелі актеры, ҚР Мәдениет саласының үздігі Кенен Ақұрпеков сомдап, тұлғаның қайсарлығы, елге деген сүйіспеншілігі мен сағынышын сахна төрінде әсерлі, көркем тілмен жеткізді. Көрермендерді даладан басталған тағдырдың Мысыр

сіңірген қайраткері Жүніс Әлімбаев шебер жеткізсе, Хуан пірадар кейіпкерін Мәмбет Қожалиев сәтті бейнеледі. Қалауын рөлінде – Жандар Қырықбаев, Сұлтаннның анасы образында Гауһар Сұлтанбекова ана бейнесін айтарлықтай алып шықты.



▶ АЛҒЫС

БАЛА ТІЛІНДЕГІ ҚҰНДЫЛЫҚ

Бүгінгі күні бала тәрбиесі мен білім беру ісінде ұстаздар мен мамандардың еңбегі орасан зор. Әсіресе, тіл кемшіліктерін түзетуде мектеп логопедінің атқаратын рөлі ерекше. Біз, ата-аналар қауымы, өз балаларымыздың бойындағы өзгерістерді көрген сайын, осы сала мамандарына деген алғысымыз шексіз екенін түсінеміз.

Қазіргі таңда білім беру саласында еңбек етіп жүрген әрбір ұстаздың, әрбір маманның орны айрықша. Соның ішінде мектеп логопедінің еңбегі – көзге көріне бермейтін, бірақ нәтижесі зор, маңызы терең қызметтердің бірі. Біз, ата-аналар, баламыздың жетістігін көргенде осы жолда аянбай еңбек етіп жүрген ұстаздар мен логопед мамандарға деген алғысымызды сөзбен жеткізуге тырысамыз.

«Дара жол» бастауыш мектеп-гимназиясының логопеді мен ұстаздары да әр баланың жүрегіне жол тауып, олардың сөйлеу дағдыларын жетілдіруде үлкен еңбек сіңіріп келеді. Баланың әр дыбысты дұрыс айтуы, ойын еркін жеткізуі – бұл тек сабақ емес, күнделікті тәзімділік пен кәсіби шеберліктің нәтижесі. Осы мектептегі сондай бір білікті логопед маманның бірі – Амина Байжанова. Амина Нұрланқызы әр балаға жеке көңіл бөліп, олардың мүмкіндігін ашуға көмектесіп жүрген маман, еңбегі зор құрметке лайық.

Баланың тілінің дұрыс дамуы – оның тұлға болып қалыптасуындағы ең маңызды факторлардың бірі. Сөйлеу мәдениеті, ойын анық жеткізе білуі, өзіне деген сенімділігі – барлығы да осы еңбектің жемісі. Мектеп логопеді әр баланың ерекшелігін ескеріп, олардың тіл кемшіліктерін түзету үшін үлкен шыдамдылықпен, кәсіби шеберлікпен жұмыс істейді. Бұл – тек мамандық емес, жүрек қалауы, балаға деген шынайы жанашырлықтың белгісі.

Біздің балаларымыз бұрын дыбыстарды дұрыс айта алмай, ойын жеткізуде қиналса, бүгінде олардың сөйлеуі анықталып, өз ойларын еркін жеткізе алатын деңгейге жетті. Бұл – логопед пен ұстаздардың күнделікті тынымсыз еңбегінің нәтижесі. Әрбір кішігірім жетістік – үлкен қуаныш, ал сол қуаныштың артында ұстаздар мен логопедтердің ерен еңбектері жатыр.

Ұстаз – тек білім беруші ғана емес, ол – баланың жол көрсетушісі, тәрбиешісі, сенім сыйлаушы тұлға. Ал логопед – сол баланың ішкі мүмкіндігін ашып, оның өз-өзіне деген сенімін арттыратын жан. Осы екі мамандық иелерінің үйлесімді еңбегі нәтижесінде



А.Байжанова

біздің балаларымыз жан-жақты дамып, алға нық қадам басуда.

Осындай жауапты әрі маңызды қызметі үшін Амина Нұрланқызына шын жүректен алғысымыз білдіреміз! Шәкірттеріңіздің жетістігі сізге әрдайым қуаныш сыйлап, еңбегіңіз әрдайым жемісті бола берсін! Сіздің әр сабағыңыз, әр жаттығуыңыз – тек білім емес, бұл – баланың болашағына салынған берік іргетас.

Сіз әр баланың жүрегіне жол тауып, олардың бойындағы қорқынышты жеңуге, сенімділік қалыптастыруға көмектесесіз. Бұл – үлкен жауапкершілік пен зор адамгершілікті талап ететін жұмыс.

Біздің балаларымыздың өз-өзіне деген сенімі артып, сабаққа қызығушылығының оянуы – сіздердің еңбектеріңіздің жемісі. Бұрын сөз айтуға қиналған балалардың бүгінгі жетістіктерін көргенде, ата-ана жүрегі қуанышқа толады.

Сіздердің сабырлықтарыңызға, мейірімділіктеріңізге, әр балаға жеке көңіл бөліп, олардың мүмкіндігін ашуға деген ұмтылыстарыңызға ерекше ризамын. Балаларымыздың әрбір жетістігі – сіздердің еңбектеріңіздің айқын дәлелі.

Сіздердің еңбектеріңіз – ұрпақ болашағына қосылған өлшеусіз үлес.

Ізгі ниетпен, ризашылығын білдіруші ата-ана
Жансая БАЗАРБАЕВА



Сурет ЖИ-көмегімен жасалған



МЕНШІК ИЕСІ:
«Жамбыл-Тараз»
газетінің редакциясы» ЖШС

Қабылдау бөлмесі: 45-62-65

Бас редактор –
САЯТХАН САТЫЛҒАНОВ

Бас редактордың
орынбасары:
Жауапты хатшы:

Тілшілер:

Дизайнер:

Тілшілер:

Жарнама менеджері:

Нөмірдің кезекшісі:

Мұратхан ӘЛІМХАН

Құрбанәлі ШАХАБАЙ

Жұматай КӨКСУБАЙҰЛЫ
Арайлым ШАБДЕНОВА
Анель ТОТАНБЕВА
Дариха ҰМБЕТЖАРОВА

Сәндібек ДОСТАНБЕКОВ

54-66-64

Жансая БАЗАРБАЕВА

Құрбанәлі ШАХАБАЙ

SMM БӨЛІМІ

Контент-редакторлар:

Жаннұр МУХАНОВА

Ақбота НҮРСЕЙІТҚЫЗЫ

Фото-видео монтажер:

Нұрлан БЕКТҮРСЫН

Авторлар пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы емес. Қолжазбалар әдеби тұрғыда өңделеді және авторға қайтарылмайды. Ақпарат ақиқаттығына мақала авторы, ал жарнама мен хабарландыру үшін тапсырыс иелері жауап береді. «Jambyl-Taraz» газетінің материалдарын көшіріп басу үшін редакцияның келісімі керек.

Мекенжайымыз:
Тараз қаласы, Ы.Сүлейменов, 7 «А»
e-mail: jambyltaraz1996@gmail.com
Жалпы тиражы: 11 496
Тапсырыс: 285

Газет қазақ және орыс тілдерінде аралас, аптасына екі рет шығады.

Мерзімді баспасөз басшылығымен, ақпарат агенттігін және желілік басшылығымен есетке қою, қайта есетке қою туралы №КЗ87VРҰ0060446 куәлік 2022 жылғы 2 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінен берілген.

Жазылу индексі: 65605

Газет «ҚАНАТТЫ ҚАЛАМ ӘЛЕМІ» ЖШС-де басылды. Тараз қ., Төле би, 36 «Б».

Газет мекенжайыңызға уақытылы келмесе, мына телефондарға хабарласыңыз:

8 771 088 644 8 705 789 70 74